

А.Е. Адишева^{1*}, С.Б. Бектемірова¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
*e-mail: alma_777@mail.com

ГЕОЛАНДШАФТТАҒЫ АНТРОПОМОРФТЫҚ КОДТЫҢ МИФТЕРДЕ БЕЙНЕЛЕНУІ

Аннотация. Мақалада тіл мен мәдениеттің байланысы, когнитивтік лингвистикадағы мәдени кодтардың бірі – антропоморфтық код арқылы географиялық ландшафтты үлгілеу жайлы айтылады. Географиялық ландшафт туралы сөз қозғағанда топонимдерге тоқталмай өтпейміз. Топонимдерде халықтың дүниетаным түсінігі көрініс табады. Мәдениеттің антропоморфтық кодын антропоморфтық метафоралар, аңыз, эпсаналар, фразеологиялық тіркестер құрайды. Біздің қарастырғанымыз аңыз, эпсаналар. Қоршаған орта, табиғат туралы аңыздарда әр халықтың өзіне тән таным түсініктері тұжырымдалып беріледі. Сол таным мен түсінікті қалыптастарудың бірден бір жолы – адамның өзін тануы, яғни өзін тану арқылы басқаны, ішкі дүниесін тану арқылы сыртқы әлемді тануы. Адам өзі туралы танымды сыртқы дүниеге проекциялайды да, сол арқылы сыртқы әлем туралы танымын бейнелейді. Қалыптасқан дүниетаным тіл арқылы сипатталады. Сол себепті аңыз-эпсаналарда халықтың дүниетаным сипатталады деп осы мақаланың арқауы ретінде алынды. Мифтердің ішінде антропоморфтық кодтар арқылы берілген түрлеріне талдау жасап, олардың географиялық ландшафтты үлгілеудегі рөлі сөз етіледі.

Тірек сөздер: лингвомәдениеттану; мәдени код; антропоморфтық код; ландшафт; мифтік сана; аңыз-эпсана; топоним.

А.Е. Адишева^{1*}, С.Б. Бектемірова¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
*e-mail: alma_777@mail.com

РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ ЧЕРЕЗ МИФЫ АНТРОПОМОРФНОГО КОДА В ГЕОЛАНДШАФТЕ

Аннотация. В статье рассматривается взаимосвязь языка и культуры, моделирование географического ландшафта через одним из культурных кодов в когнитивной лингвистике – антропоморфным кодом. Когда мы говорим о географическом ландшафте, мы не можем не затрагивать топонимы. В топонимах отражается мировоззрение народа. Антропоморфный код культуры передается через антропоморфные метафоры, легенды, мифы, фразеологизмы. В данной работе рассматриваем легенды и мифы. В мифах и легендах об окружающей среде и природе запечатлены мировосприятие, свойственное каждому народу. Один из способов формирования познания – это познать себя, то есть познавая себя, человек познает других, познавая внутренний мир, человек познает внешний мир. Человек проецирует свое познание о себе во внешний мир и, таким образом, отражает свое мировоззрение о внешнем мире. Сформированное мировоззрение выражается через язык. В легендах и мифах описываются мировоззрение народа. Анализируются типы мифов, репрезентированные антропоморфными кодами, и обсуждается их роль в формировании географического ландшафта.

Ключевые слова: лингвокультурология; культурный код; антропоморфный код; ландшафт; мифическое сознание; легенда; топоним.

А.А. Adisheva^{1*}, S.B. Bektemiyrova¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: alma_777@mail.com

REPRESENTATION THROUGH MYTHS OF THE ANTHROPOMORPHIC CODE IN THE GEOLANDSCAPE

Abstract. The paper discusses the relationship between language and culture, modeling the geographical landscape through one of the cultural codes in cognitive linguistics - anthropomorphic code. When we talk about the geographical landscape, we cannot leave toponyms out. The toponyms reflect the worldview of a nation. Anthropomorphic culture code is transmitted through anthropomorphic metaphors, legends, myths, and phraseological units. In this paper we consider legends and myths. Myths and legends about the environment and nature reflect the worldview of every nation. One way of forming knowledge is to know oneself, which means by knowing oneself, one knows the other, by knowing the inner world, one knows the outer world. Man projects his knowledge of himself into the outer world and thus reflects his worldview about the external world. A developed worldview is expressed through language. Legends and myths describe the worldview of the nation. The types of myths represented by anthropomorphic codes are analyzed and their role in the formation of the geographical landscape is discussed.

Keywords: linguoculturology; cultural code; anthropomorphic code; landscape; mythical consciousness; legend; toponym.

Кіріспе

Тіл дегенде ең алдымен оның қарым-қатынас құралы қызметі, содан кейін адамдардың дүние, қоршаған орта, өзі туралы жалпы білімін, ойын, танымын, сезімін бейнелеуші, сол ақпаратты сақтаушы және ұрпаққа жеткізуші құрал болатын қызметі аталады. Адамның дүние туралы, өзі туралы танымының тілде бейнеленіп, жеткізілуі лингвистиканың лингвокогнитология саласында зерттелсе, қоршаған орта – бұл кеңістік, әлеуметтік орта, сыртқы дүниемен қарым-қатынас, қоғам, тарих, салт-дәстүр, материалдық және рухани мәдениет секілді ұғымдарды қамтығандықтан бұлардың тіл арқылы көрініс табуы лингвистиканың этнолингвистика, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану салаларының зерттеу нысаны болады.

Мақалада мәдениеттің антропоморфтық коды, оның ішінде аңыз, эпсаналар арқылы ландшафттың үлгіленуін қарастырамыз. Тіл мен мәдениеттің арасындағы байланыс пен қарым-қатынас гуманитарлық ғылымдарда В. фон Гумбольдттан бастап белсенді зерттеліп келеді. Бұл мәселе лингвистиканың қарқынды дамып келе жатқан этнолингвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивті лингвистика, психоллингвистика, лингвомәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация секілді бағыттардың өзекті тақырыбына айналды. В.фон Гумбольдттың және оның идеясын әр қырынан дамытушы ізбасарлары А.А. Потенция, Ш. Балли, Г.Г. Шпет, Й.Л. Вайсгербер, Э. Сепир, Р. Барт, В.В. Виноградов, Н.И. Толстой, Д.Н. Шмелев, Ю.Д. Апресян секілді ғалымдардың еңбектерінде тіл және мәдениет туралы ғылым – лингвомәдениеттанудың негізі қаланды. В. фон Гумбольдт «Материалдық және рухани мәдениет тілде көрінеді, осы мәдениет ұлттық, сондықтан оның ұлттық сипаты тілде көрініс табады» деп тұжырымдайды. Осыған орай лингвистика пәнаралық сипатқа ие болып отыр. Ғалым Н.И. Толстой «тіл мәдениеттің бір бөлшегі ретінде қарастырыла алады» дей келе «тіл мәдениеттің құрамдас бөлігі немесе құралы ретінде қабылданып, коммуникативтік және таңбалық табиғатқа ие» деген пікір айтады (Толстой, 1995: 16).

Адамдағы тілді, тілдегі адамды зерттеу ғылымдар тоғысында қарастырылуда. Ал қазіргі кезеңде лингвистикадағы мәселелер антропоөзектік парадигма аясында зерттелуде. Адамның антропологиялық, интеллектуалдық, сана, ойлау, мәдени, сыртқы дүниені тану ерекшеліктерін, тілін, салты мен дінін, іс-әрекетін жан-жақты зерттейтін когнитивтік ғылым жетекші орында деуге болады. Когнитивтік лингвистика адамның саналық, түпсаналық рухани болмысының тіл арқылы көрініс табуын зерттейді. Оның мақсаты – менталдық құрылымдарды зерттеу, салыстыру арқылы тілдік заңдылықтарды көрсетіп қана қоймай, ұлтқа адамзатқа тән құндылықтар жүйесін айқындау. Ұлттың, жеке адамның танымы көрініс табатын факторлардың бірі – мәдениет. М. Хайдеггер мәдениетке мынадай түсінік береді: «...адамзат әрекеті мәдениет түрінде түсініліп, ұйымдасады. Мәдениет – адамның аса жоғары қасиеттерін насихаттау арқылы рухани құндылықтарды іске асыру болып табылады» (Хайдеггер, 1986: 93). Ал К. Леви-Стросс тіл мен мәдениеттің арақатынасы жөнінде тілді мәдениет жемісі, оның маңызды құрылымдық бөлігі және мәдениеттің өмір сүру шарты деп түсіндіріп: «Бұдан бөлек, тіл мәдениеттің өзіндік ерекшелігі бар өмір сүру тәсілі және мәдени кодтарды қалыптастырушы фактор болып табылады» дейді (Леви-Стросс, 1994:55). Академик Ә. Қайдар

«Мәдениет – жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым» дейді (Қайдар, 1998: 13). Ал мәдениет пен тілдің арақатынасы туралы ғалым Р. Авакова: «Тіл – мәдениет қабаттарындағы (діннен, ғылымнан, әдебиеттен) тылсым құбылыс, ерекше коммуникативтік құрал, мәдениеттің рухани көрінісі, ұлттық менталитеттің сан қырлы қасиеттерінің көрінетін тұсы» деп пайымдайды (Авакова, 2009: 43).

Тіл мен мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты. В.Н. Телия «мәдениеттің өз тілі бар, ол бізбен сәулет, сурет, музыка, би, әдебиет және адам қолынан, дарынынан, ақылынан жаратылған басқа да туындылар арқылы сөйлеседі... Бірақ мәдениеттің мән-мағынаны жеткізудің ең әмбебап құралы – табиғи тіл. Осы құралды пайдалану арқылы адам мәдениленген әлем туралы айтуға болатын нәрсенің бәрін жеткізеді және айтады... Мәдениет – халықтың өзіндік тарихи жадысы. Тіл өзінің кумулятивтік қызметіне орай осыны (тарихи жадыны) сақтап, өткен мен қазіргі күнді ғана емес, қазіргі мен болашақты байланыстырып, ұрпақтар диалогын қамтамасыз етеді» дейді (Телия, 1996: 226).

Тіл мен мәдениеттің ортақ ұқсастықтары көп дей аламыз. Ол екеуі арқылы адамзаттың танымы мен ұлттың менталитеті көрініс табады. Екеуі бірінсіз бірі жасай алмайды, тіл мәдениеттің құралы әрі өмір сүруінің шарты болып табылады. Мәдени факторлар тілдің қызметіне және дамуына әсер етеді.

Таным-түсініктер мәдени код арқылы интерпретацияланады. Зерттеуші ғалымдар мәдени кодты былай түсіндіреді: «Мәдени код деп мәдени мәнділіктерді тасымалдаушы заттық және рухани дүниенің таңбалар жүйесін түсінеміз; қоршаған дүниені игеру барысында адам осы таңбалар арқылы айшықталған мәдени мәнділіктерде көрініс тапқан» (Гудков, 2007: 9). Орыс ғалымы В. Красных мәдени кодқа «Код культуры есть «сетка», которую культура «набрасывает» на окружающий мир, членит, категоризует, структурирует и оценивает его» деген анықтама беріп, мәдениеттің мынадай кодтарын атап көрсетеді: соматикалық, кеңістіктік, уақыттық, заттық, биоморфтық, рухани (Красных, 2003:297).

Материал және әдістер

Негізгі әдіс ретінде жалпы ғылыми зерттеулерге тән бақылау, сипаттау, жалпылау, топтастыру, сипаттама жасау, жүйелеп салғастыру, түйіндеу, талдау әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу

В. фон Гумбольдттың идеясын ары қарай дамытушылар А.А. Потенбня, Ш. Балли, Г.Г. Шпет, Й.Л. Вайсгербер, Э. Сепир, Р. Барт, В.В. Виноградов, Н.И. Толстой, Д.Н. Шмелев, Ю.Д. Апресян секілді ғалымдардың еңбектерінде тіл және мәдениет туралы мәселелер қозғалды. Сонымен қатар В. Телия, Д. Гудков, В. Красных, И. Журавлевтың ғылыми еңбектеріне талдау жасалды. Мақалада отандық ғалымдардың ішінде Ә. Қайдар, Б. Тілеубердиев, С. Қондыбай, Р. Авакованың, ал шетелдік ғалымдардан К. Леви-Стросс, М. Хайдеггер, М. Мерло-Понтидің еңбектеріне тоқталдық.

Нәтижелер және талқылау

Тіл – ойлаудың құралы, ал ойлау, яғни таным – шындық дүниенің бейнесі. Бұл ғалам бейнесінің тілден көрініс табуы, яғни ғалам туралы ақпаратты тілдік таңбалар арқылы айқындау – ғаламның тілдік бейнесі деген ұғымды тудырады. Ғаламның тілдік бейнесінде адамның ғалам туралы түсініктері ғана емес, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімі сияқты ұлттық дүниетанымымен қатар, оның мифтік санасы да көрініс тауып отырады.

Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар оның дүниетанымының айнасы, ойы мен сезімін жеткізуші құрал. Тіл арқылы адам сыртқы әлем туралы танымын қалыптастырады әрі оны бейнелеп жеткізеді. Сонымен қатар адам өз дүниетанымын, яғни ішкі әлемін сыртқы әлемге проекциялайды, оны да тіл арқылы жеткізеді.

Адамның сыртқы әлемді тануы өзін проекциялауы арқылы жүреді, бұл – анимизмнің бір түрі антропоморфизм. «Антропоморфизм (грек. антропос – адам, морфе – түр, пішін, бейне) – адам образын және оның қасиеттерін жансыз затқа, жануарларға, өсімдіктерге, табиғат құбылыстарына, тылсым күштер мен абстрактілі ұғымдарға телу». (9) Адам өзі арқылы әлемді танып, оны тілінде бейнеленуі концептуалдық жүйемен негізделеді. Сыртқы әлемді, қоршаған ортаны қабылдау, пайымдау, түсіну, бейнелеу тілде көрініс тауып, адам өзін бәрінің өлшемі ретінде қабылдағандықтан бір қабаты антропоэзектік принциппен астасып жатады. Адамның өзі, денесі кеңістікті қабылдап, оны бейнелеуде де, ондағы нәрселерге атау беруде де негізгі арқау болады. Бұл жайлы ономаст ғалым Б. Тілеубердиев: «Кеңістікте орналасқан табиғи объектілерді бағдарлап айқындауда, географиялық нысандардың өзін сипаттауда адам немесе жануарлардың дене мүшелерінің орналасу тәртібіне сүйену – адамдардың ментальді түсініктерін көрсетеді. Сол танымдық түсініктер аясында қоршаған орта, оның нысандары, жалпы айтқанда, адамға, адам немесе жануардың дене мүшелеріне ұқсатылған. Осыған қарағанда, әлемді тану процесі, әлемнің тілдік көрінісі, соның ішінде әлемнің топонимиялық көрінісі адамның өзінен басталады, яғни адам – дүние құрылымының моделі, үлгісі болып табылады» деп (Тілеубердиев, 2006а:247), семасиологияның ұқсату заңына орай апеллятив терминдерге айналған екінші атау болған сөздер деп көрсетеді. Ал келесі бір зерттеуінде ғалым: «...біздің ойымызша, маршруттық модельде кеңістікті немесе географиялық объектілерді атауда, тануда (тілде, санада бекітуде) адам өз дене мүшелеріне қатысты ментальды түсініктерді қолданған көрінеді. Осы үрдісті біз географиялық апеллятивтер құрамынан және топонимияда кездесетін анатомиялық (соматикалық) атаулардан байқауымызға болады. Қазақ топонимдері мен апеллятивтер құрамында төмендегідей анатомиялық терминдер кездеседі: *бас, төбе, аяқ, ауыз, табан, қойын, бауыр, көз, мұрын, арқа, төс, қабырға, бет, қабақ, тамақ т.б...*

Тілдің дүниетанымдық көріністері көбінесе адамның ішкі дүниесі сияқты адамға қатысты сөздер арқылы көрінеді. Адами танымды сипаттауда соматикалық тіркестер – *бас, аяқ, көз, құлақ, тамақ, мойын, іш, өкпе, ми, тырнақ, тіл, бет, жүрек, сүйек, тән, қан, арқа т.б.* Бұлар – географиялық терминдердің де құрамында көптеп кездеседі және семасиологияның ұқсату заңына байланысты апеллятив терминдерге әлдеқашан айналып кеткен адами таным негізінде екінші рет атау болған сөздер. Қоршаған ортаны, кеңістікті бағыттық тану моделіндегі дүниені адамиландыру, антропоморфыландыру көне адамдардың (қоғамның) мифтік, мифопоэтикалық танымына, мифтік санаға да байланысты болған. Ежелгі замандарда орын алған мифтік сана бірден толығымен жойылып кетпейді, оның сарқыншықтары күні бүгінге дейін жеткен. Қазақ топонимикасындағы жоғарыда аталған анатомиялық географиялық терминдер мен топонимдер соның тілдік көріністері. Кеңістікті тану, тілдік (апеллятивтік және онимиялық) бірліктермен қоршаған ортаны (кеңістікті, оның нысандарын) белгілеу (таңбалау) жоғарыда көрсетілген бағытта да іске асырылады. Осы үрдістің тілдік нақты айғағы ретінде төмендегідей жер-су аттарын мысал ретінде келтіруге болады: *Сарыарқа, Арқалық, Алғабас, Мұзарт, Қарауыз, Аяққамыр, Бастөбе, Бауыр, Тасбел, Сарыбет, Қарабүйір, Табан, Мойынды, Иекті, Көзбұлақ, Кіндікті, Еренқабырға, Маңдайтас, Төскейбет, Мибұлақ т.б.*» дей келе, соматикалық кодтардың қолданысы мифтік танымға, мифтік санаға байланысты деп көрсетеді (Тілеубердиев, 2006б:184).

Яғни адам танымын ең алдымен өзінен бастаған, өзін танығаннан кейін сырты әлемді тануға ұмтылған, өзі арқылы қоршаған ортаны үлгілеген. Оларға атау беруде семасиологияның ұқсату заңы және архетиптік жады, мифтік сана арқау болған. Халық жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен мұралардың бірі – аңыз, эпсаналар халық танымын бейнелейтін мәдени мұралар.

Біздің қарастыратын объектілеріміз (аңыз, эпсаналар) екі семиотикалық жүйеге: табиғи тілдік және мәдени код жүйесіне тиесілі. Табиғи тіл бірінші семиотикалық жүйе болса, мәдени код екінші семиотикалық жүйе. Мәдени код болып табылатын қандай да бір бірлік не объект өзінің әдеттегі мағынасынан алшақтап, екінші семиотикалық жүйенің таңбасына айналады.

Мысалы: *иненің көзі, қазанның құлағы, таудың етегі, судың аяғы, бетпе-бет келу, көзбе-көз сөйлесу* сияқты сөз тіркестеріндегі сөздердің әдеттегі мағыналары әмбебап қолданысқа кіріп кеткен, ал екінші семиотикалық жүйедегі мағынасы халық танымының көрсеткіші болып табылады.

Отандық ғалым Серікбол Қондыбай «Арғықазақ мифологиясы» деп аталатын қазақ мифологиясының қыр-сырына талдау жасаған кітабында: «Миф деген сөзді жұрт екі түрлі, біріне-бірі кереғар келетін мағынада түсінеді. Баспасөз беттерінде осы «миф» деген сөздің «ертегі сияқты, яғни өтірік, жалған, ойдан шығарылған қиял» мағынасында берілгенін байқаймыз. Ал шындығында «миф» деген сөздің нақты мағынасы осы келтірілгендерге қарама-қарсы. Миф – нақты бір тарихи уақытта, нақты бір географиялық кеңістікте (жер тарапта), нақты бір саяси-әлеуметтік, мәдени, шаруашылық жағдайында тірлік етіп жатқан адамзат қоғамының өзі өмір сүріп отырған орта (уақыт пен кеңістік) туралы, ғалам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адамға ықпал ететін ішкі-сыртқы күштер туралы, өз қоғамының ғаламдағы орны, дәрежесі туралы түсініктерінің жиынтығы, дәлірек айтқанда – «түсіндім» деген таптаурыны. Яғни бұл жағдайдағы миф – ойдан шығарылған өтірік, жасанды дүние емес, нақты халықтың дүние мен өзі туралы шындығы, басқаша айтқанда, «шын» деп есептелінген, тарихи, рухани тәжірибесіне сүйенген стереотиптік деңгейдегі ақиқаты. Миф - әрине, тарихи айғақ емес, бірақ нақты бір тарихи қоғамның танымы, рухани дамуымен байланысты қалыптасқан, тарихи негізі, қисыны бар, яғни, бұл жағынан, «ақиқат» деп есептеуге болатын дүние» дейді (Қондыбай, 2003:21).

Мәдениеттің түрлі кодтары дәл осы аңыз, эпсаналарда көрініс табады. Дүниенің, адамның, табиғаттың, жан-жануар, өсімдіктердің жаратылысы туралы дүние жүзіндегі халықтарда өздерінің таным түсініктеріне сай түрлі мифтері, аңыздары бар. Әр халықтың өзіне тән таным түсінігі болатыны секілді, сол халықтың аңыз, эпсаналары да түрліше мазмұнда болады, бірақ кей аңыз, әңгімелер, ертегі, мифтерде ортақ элементтер кездесіп жатады. Мысалы, адамның жаратылысы туралы дүние жүзіндегі көптеген халықтардың мифтерінде ортақ элемент – топырақ. Қай халықтың аңыз, әңгіме, эпсанасын алмасақ та адам топырақтан жаратылған делінеді. Мысалы, Құдай барлық нәрсені жаратып болған соң адамды жаратыпты, адам дененесін Жерден жаратқан екен. Жердегі нәрселерден адамды жаратқанының дәлелі – адамның дене мүшелері көрсетіп тұрады. Сүйек қатты тасты еске салады. Бұлақ өзендер, адамн денесіндегі сұйықтықтар мен тамырында ағатын қанды еске еске салады. Шаш пен түк жербетіндегі шөпке ұқсас. Үңгірлер адамның құлағы, мұрны, аузындағы қуыстарға ұқсас. Осы эпсанада «Адам – барлық нәрсенің өлшемі» (Протагор), «Дүние – макрокосм, адам – микрокосм» (Демокрит) деген таным түсініктің бейнеленгенін көреміз. Жерден адам денесінің мүсінделгенін көркемдеп жеткізетін мифтерде қоршаған ортаны тануда адамның орны маңызды екені, адам өзін тану арқылы сыртқы әлемді танытыны көрсетілген.

Ежелгі дәуірде дүние бейнесін жүйелеуші ғарыш болған, ол әрі пішіні бар, әрі қасиетті деген ұғым болды. Осыған байланысты И.А. Тульпе «дүниенің (ғарыштың) мифологиялық үлгісін ескере отырып, ғалам үздіксіз жасай беретін, бөлінбейтін, өлім мен өмір, жойылу мен қайта құрылу өзара ажырамас бірлікте, тұтастықта, мәңгі қозғалыстағы әрекет. Өнер туындыларының барлығы (бейнелеу, музыканы қосқанда да) Ғарыштың өмір салты» болып табылады. (Тульпе, 2016: 263). Адам танымында ғалам мен оның жаратылысы, қоршаған орта, күнделікті тұрмыс салты, діни наным-сенімі өнер туындыларымен және де тіл арқылы бейнеленген шығармаларда, оның ішінде ең алғаш мифтерде суреттеледі.

Мифтердің бір тобында тау-тас, өзен-көл жауға қарсы соғысып, көз жұмған рухы биік жандардан қалған тарихи ескерткіш ретінде сипатталады. Мысалы, «Оқжетпес» туралы аңызда Оқжетпес атты алып батыр болған, елін-жерін жаудан қорыған, қапыда жау қолына түсіп қалып, «Құдайым, жауларға қор еткенше тасқа айналдыр!» деп жалбарынып, тілегі қабыл болып, шөгіп, тауға айналады деп беріледі.

Географиялық нысандардың пайда болуы туралы көптеген мифтерде кейіпкерлердің тау не тасқа айналуының негізгі себебі – орасан көп дұшпанмен шайқасу. Кей мифтерде тау-тас жаудың қуғын-сүргініне тап болған қыз-келіншектердің немесе сатқындық жасағандардың әрекет-қимылынан пайда болады. Мұндай мағынадағы «тасқа айналу» мотивінен туған сюжеттер мол. Мысалы, Қырық қыз, Шілтер әулие, Азанұр, Масат ата т.б.

Сонымен бірге мынадай сарындар тұрақты кездеседі. Әулиелер (Масат ата, Укаша ата, Түлкібас, Азанұр әулие, Шілтер әулие т.б.) туралы аңыздарда түрлі қастандық салдарынан қаза тапқаннан кейін олардың денесінен (қанынан, ізінен, түкірігінен) түрлі географиялық нысандар (тау, тас, бұлақ) пайда болады. Мысалы, Шілтер деген әулие серіктерімен намаз оқып жатқанда жау қоршауында қалып, Жаратушыдан өздерін тасқа айналдыруын тілеп, сол мезетте тасқа айналып, қатып қалыпты. Сол жер Қырық Шілтер әулиенің жері аталып, сонда үш бұлақ ағып жатыр екен. Үшеуінің дәмі де үш түрлі, біреуі іш ауруларына, екіншісі көз ауруларына, үшіншісі құлақ ауруларына дәру дейді. Сол сияқты, Укаша әулиенің қаза тапқанда домалаған басы жетіп тоқтаған қуысында киелі құдық пайда болса, Көзата қабірінің қасынан көз жанарды емдейтін бұлақ ағып шығады, Түлкібас әулие түкіріп қалғанда он екі қарсыласы езіліп кетеді, сол жерде он екі шипалы бұлақ пайда болған деген аңыздар бар.

Бұл аңыз-әпсаналарда, мифтерде сипатталған адамнан немесе бір мүшесінен пайда болған тау, жартас, бұлақ, құдық секілді географиялық нысандар жоғарыда атап өткендей, антропоморфизмнің негізін құрайды.

Қорытынды

Сыртқы дүниені тануда, атау беруде, оның ішінде ландшафтты модельдеуде адам өз таным түсінігі арқылы пайымдап, тілі арқылы сипаттайды. Таным түсінік екі жақты жолмен қалыптасады деуге болады: бірінде – адам өзін танып, сол танымын сыртқы ортаға, басқа затқа, айналасына проекциялайды, екіншісінде керісінше, сыртқы дүниені танып, сол арқылы адам өзін таниды. Адамның өзін тануы ең бірінші өзін физикалық, физиологиялық тұрғыдан танудан басталады. Е.С.Никитинаның пайымдауынша: «...только собственное тело субъекта становится прототипом всех существующих форм. Только собственное тело мы знаем динамически, изнутри, и всилу этого знания получаем возможность толковать как форму пространственные грани вещей. Телесный опыт является необходимой составляющей человеческого существования, условием его полноты и цельности» (Журавлев, 2005:54). Сөйтіп, адамның тәні М. Мерло-Понтидің сөзі бойынша: «Мәдени әлемді өз айналасына шоғырландырады» (Мерло-Понти, 1999:35). Географиялық ландшафтты метафоралар (мысалы, таудың басы, бұлақтың көзі, судың аяғы, өзеннің қолтығы, жер бетіндегі түрлі биіктіктегі нысандардың арқасы, жотасы, қабырғасы, теңіз/мұхит табаны) және мифтер (не себепті «Келіншек тау», «Қыз емшек», «Оқжетпес», «Қалмақ қырылған», «Қызбел» деп аталды) арқылы үлгілеу тіл білімінің лингвомәдениеттану саласындағы мәдени кодтар арқылы жүзеге асырылып, тіл арқылы адам түсінігі бейнеленіп, дүниенің тілдік бейнесі қалыптасқанын көрестуге тырыстық. Мәдени кодтардың ішіндегі антропоморфтық код арқылы берілген мифтерде адам дүниетанымы тілде қалай бейнеленгенін көреміз.

Мифтер алғашқы ғылыми танымның формасы, ойлаудың негізгі қайнар көзі боланын жоққа шығармаймыз. Олар бар халықтың дүниетанымында, рухани өмірі мен тарихында ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан асыл мұрасы болып табылады. Мифтерде халықтың наным-сенімінің, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпының көрінісі бейнеленетін шығармашылық мұра. Қазіргі кезде мифтер ауыз әдеби мұра ретінде әдебиеттану ғана емес, тіл білімі, философия салалары да зерттейтін объект болды. Дүниенің тілдік бейнесі және дүниенің бейнесі деген ұғымдардың қалыптасқанына көп уақыт бола қойған жоқ, сол себепті адам дүниетанымын және ол танымның тіл арқылы бейнеленуін зерттеуде мифтерге жүгінеріміз заңды. Демек, мифтер тек ауыз әдебиетінің ғана емес, адамның ақыл-ой деңгейі мен әрекеттерінің қоршаған ортамен қарым-қатынасының қалыптасуын көрсететін бірден бір мұрамыз.

Жоғарыда атап өткендей адам өзін танып, сол таным түсінігін, пайымын сыртқы әлемге проекциялайды. Ішкі-сыртқы, жақын-алыс, таныс-бөтен деген оппозициялық ұғымдарға сай адам өзі (денесі, ішкі әлемі) мен зерттейтін объектінің (сыртқы әлем, табиғат, қоршаған орта) арасындағы ұқсастықтарды іздеп, сол сыртқы нәрсе адамдық қасиеттерге, пішінге ие ме дегенді анықтағаннан кейін айырмашылықтарды зерттеуге кіріседі. Адамның өзіне ең жақыны – өз денесі болғандықтан, дене пішіні мен қасиеттерін, мүшелері мен ағзаларын және олардың қызметтерін қоршаған ортаға проекциялап, таным түсінігін қалыптастырған, олар антропоморфтық кодтардың бірі аңыз, әпсаналар, мифтер арқылы тұжырымдалған дейміз.

Әдебиеттер

- Толстой Н. И. (1995) Язык и народная культура: Очерки по славянской мифологии и этнолингвистике. М.: Индик. - 1995. – 262 с.
- Хайдеггер М. (1986) Время картины мира // Новая технократическая волна на Западе. – М., 1986. – С.93-109.
- Леви-Стросс К. (1994) Первобытное мышление. – М.: Республика. - 1994. – 384 с.
- Қайдар Ә. (1998) Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі. - 1998. – 304 б.
- Авакова Р.А. (2009) Фразеология теориясы. Алматы: Қазақ университеті. - 2009. – 292 б.
- Телия В. Н. (1996) Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. М.: Школа «Языки русской культуры». - 1996. – 288 с.
- Гудков Д., Ковшова М. (2007) Телесный код культуры: материалы к словарю. – М.: Гнозис. - 2007. – 288 с.
- Красных В. (2003) «Свой» среди «чужих»: миф или реальность? – М.: Гнозис. - 2003. – 375 с.
- Антропоморфизм [Электронды ресурс] URL: https://www.krugosvet.ru/enc/gumanitarnye_nauki/lingvistika/ANTROPOMORFIZM.html (жүгінген мерзімі 2.01.2022)
- Тілеубердиев Б. (2006а) Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: Арыс. - 2006. – 280 б.
- Тілеубердиев Б. (2006б) Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. Филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 2006. – 243 б.
- Қондыбай С. (2003) Арғықазақ мифологиясы Алматы: «Үш қиян», 2003. – 592 б.
- Тульпе И.А. (2016) Религия и другие формы жизни человеческого духа. СПб.: Наука. – 460 с.
- Журавлев И.В., Никитина Е.С., Сорокин Ю.А., Реут Д.В., Тхостов А.Ш. (2005) Психосоматика телесности. – М.: Либроком. - 2005. – 152 с.
- Мерло-Понти М. (1999) Феноменология восприятия. Под ред. И.С. Вдовина, Е.Л. Фокина. – СПб.: «Ювента» «Наука». - 1999. – 262 с.

References

- Tolstoj N. I. (1995) Yazyk i narodnaya kul'tura: Oчерki po slavyanskoj mifologii i etnolingvistike. [Language and Folk Culture: Essays on Slavic Mythology and Ethnolinguistics] Moscow: Indrik [in Russian]
- Haidegger M. (1986) Vremya kartiny mira [Time of the Image of the World] // Novaya tekhnokraticeskaya volna na Zapade. [New technocratic wave in the West] Moscow [in Russian]
- Levi-Stross K. (1994) Pervobytnoe myshlenie [Primitive thinking] Moscow: Respublika [in Russian]
- Qaidar A. (1998) Qazaq tilinin ozekti maseleleri: Aktual'nye voprosy kazahskogo yazyka. [Actual issues of the Kazakh language] Almaty: Ana tili [in Kazakh]
- Avkova R..A. (2009) Frazеologiya teoriyasy [Theory of Phraseology]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh]
- Teliya V. N. (1996) Russkaya frazeologiya. Semanticheskij, pragmaticheskij i lingvokul'turologicheskij aspekty. [Russian phraseology. Semantic, pragmatic and linguocultural aspects] Moscow: Shkola «Yazyki russkoj kul'tury» [in Russian]
- Gudkov D., Kovshova M. (2007) Telesnyj kod kul'tury: materialy k slovarju. [Corporal code of a culture: materials for the dictionary] Moscow: Gnozis [in Russian]
- Krasnyh V. (2003) «Svoj» sredi «chuzhyh»: mif ili real'nost'? [‘Native’ among ‘strangers’: myth or reality?] Moscow: Gnozis [in Russian]
- Antropomorfizm. Available at: https://www.krugosvet.ru/enc/gumanitarnye_nauki/lingvistika/ANTROPOMORFIZM.html (Accessed: 2.01.2022)
- Tileuberdiev B. (2006a) Qazaq onomastikasynyn lingvokognitivtik aspektileri. [Linguo-cognitive aspects of Kazakh onomastics] Almaty: Arys [in Kazakh]

Tileuberdiev B. (2006b) Qazaq onomastikasynyn lingvokontseptologiyalyq negizderi. [Linguo-conceptological basis of Kazakh onomastics]. Filologiya gylmynyn doktory gylmi darezhesin alu ushin daiyndagan dissertaciya. [Thesis for the degree of Doctor of Philology] Almaty [in Kazakh]

Qondybaj S. (2003) Argyqazaq mifologiyasy [Mythology of Argykazakh] Almaty: 'Ysh qiyan', 592p. [in Kazakh]

Tulpe I.A. (2016) Religia I drugie formy jizni chelovecheskogo duha [Religion and other forms of human spirit]. StP.: Nauka. – 460 p. [in Russian]

Zhuravlev I.V., Nikitina E.S., Sorokin Y.A., Reut D.V., Thostov A.Sh. (2005) Psihosomatika telesnosti. [Psychosomatics of corporality] Moscow: Librokom [in Russian]

Merlo-Ponti M. (1999) Fenomenologiya vospriyatiya. [Phenomenology of Perception] Pod red. I.S. Vdovina, E.L. Fokina. St.Petersburg: «Yuventa» «Nauka» [in Russian]